

БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ. 1-ТОМ

АНТИКА ФИЛОСОФИЯСЫ

Аристотель. 2-бөлім





Мақсаты – Аристотель философиясын, риторика мен поэтикасын, этикалық және саяси көзқарастарын, сонымен бірге космологиялық ілімін қарастыру.

Жоспары:

1. Аристотель риторикасы мен поэтикасы.
2. Аристотельдің этикалық трактаттары.
3. Аристотельдің саяси теориясы.
4. Аристотель космологиясы.

Түйін сөздер

Риторика, поэтика, трагедия, комедия, сюжет, мінез, қойылым, еліктеу, басқару формалары, құлдықты ақтау, өсімқорлықты сынау.

Аристотель өнімдік ғылымдар саласында адвокаттар мен драматургтердің маңызды міндеттеріне көмектесуге арналған екі еңбекті – «Риторика» мен «Поэтиканы» жазды. Оның пікірінше, риторика дегеніміз – кез келген туындаған жағдайда тұжырымның мүмкін мағыналарын анықтап беретін ғылым. Сөйлеген кезде тұжырымдарға сендірудің үш негізі бар. Шешеннің тұлғалық болмысы, аудиторияның көңіл күйі және уәждің күштілігі. Сондықтан риториканы үйренуші қисынды пайымдап, мінезді бағалап және сезімдерді түсінуі керек. Аристотель өзінің басқа трактаттарында мінез және логика туралы тереңірек түсіндіріп жазды. Алайда «Риториканың» екінші кітабында адамның жан тебіреністеріне толық талдау жасайды. Аристотель ашу, жек көру, қорқыныш, ұят, аяныш, наразылық, көре алмаушылық және қызғаныш сияқты эмоцияларға жан-жақты талдау жасайды. Оның түсіндіруі әрдайым айқын және жүйелі. Тіпті оларды бағалауда терең психологиялық зеректігін көрсетеді.

Поэтика Риторикаға қарағанда тарихта аса танымал туынды. Аристотель эпикалық және трагикалық поэзия жайында жазған «Поэтиканың» алғашқы кітабы бізге жеткен. Комедияға арналған екінші кітабы жоғалып кеткен. Умберто Эко «Раушанның Аты» деген шығармасында Аристотельдің XIV ғасырда бір аббаттықта болып жатқан «Комедия» кітабының айналасындағы драмалық уақиғаларды сипаттайды. Ортағасырлардың тарихына қызығушылық танытқан адамдарға осы итальян философы мен жазушысының еңбегін міндетті түрде оқып шығу керек деп есептеймін. Айтпақшы, осы кітап бойынша Шон Коннори басты рөлді сомдаған керемет кино да түсірілген.

Аристотельдік поэтиканы түсіну үшін Платонның поэзияға қатысты ойларын білу керек. «Мемлекет» атты екінші және үшінші кітаптарында Гомер құдайларды бұрмалағаны және дәрекі эмоцияларды мадақтағаны үшін қатаң сынға алынады. Әртістердің драмалық қойылымдары да алдамшы және кемсітуші деп танылып, сынға ұшырайды. Оныншы кітабында Идеялар теориясы ақындардың келешекте одан бетер орынды да қатал сынға ұшырауына себеп болады. Материалды объектілер шынайы ақиқат мақсаттардың жетілмеген көшірмесі. Материалды объектілерді өмірде көркем көрсету, сәйкесінше, еліктеушіліктің еліктеушілігі. Драма табиғатымыздағы ең көмескі сезімдерді оятып, күлкі мен көз жасымызға ерік беруге жетелеп, бізді тебіренітіп егілте түседі. Драмалық ақындар мінсіз қаладан аулақ жүруі керек. Олардың үстіне мирра жағып, басына лаврдан тәж кигізіп, еркіне қоя берген жөн.

Аристотельдің мақсаттарының бірі – философия мен поэзия арасындағы осы таласты шешу болды. Оның ойынша, еліктеу – Платон суреттегендей азғындататын әрекеттен алыс, адамдарға бала кезінен тән табиғи қасиет. Бұл – адамды хайуаннан жоғары қоятын қасиет. Өйткені ол адамдардың оқып үйрену аясын бірталай кеңейтеді. Екіншіден, елестету айналадағының бәріне қуаныш әкеледі. Заттардың өзі табиғи түрінде бізді тітіркентуі немесе жиіркенішімізді тудыруы мүмкін, ал олардың салынған суреттеріне қарап, біз тәнті боламыз және рақаттанамыз.

Аристотель трагедиялық драманың табиғатын түбегейлі талдайды. Драма адамдарда бірқатар эмоцияларды тудырумен қатар, катарсиске немесе тазару деңгейіне жетуге көмектеседі.

Энтони Кеннидің ойынша, Аристотель катарсис деген сөзінің астарында нені меңзегенін ешкім деп басып айта алмайды. Бәлкім, оның үйреткісі келгені трагедияны тамашалау бізге өз қайғымыз бен үрейімізден тазаруға көмектесетін шығар.



Аристотельдің пікірінше, трагедия үшін алты элемент қажет – сюжет, мінез, дикция, ой, көрініс және әуен. Сахналық қойылым мен әуенмен сүйемелдеу ешбір алмастыруға болмайтын элементтер болып саналады. Ой мен оны жеткізу мәнері де маңызды. Кейіпкерлердің жеткізген ойлары тыңдаушылардың эмоциясын оятатындай әртістер тарапынан шынайы бейнеленуі керек. Бірақ трагедия үшін ең бастысы – басты кейіпкердің өзгешелігі мен сюжет. Олар трагикалық ақынның кемеңгерлігін паш етеді, сондықтан Аристотель басты кейіпкерге ұзақ бөлім арнайды, ал сюжетке арналған бөлім бес тараудан кем емес.

Аристотельдің трагедия теориясы «драматургтер – басқа суреткерлер сияқты күнделікті өмірді ғана көшірушілер, бұл өмірдің өзі де Идеядағы әлемнің көшірмесі ғой» деген Платонның наразылығына жауап қайыруға мүмкіндік береді. Аристотель драманы тарихпен салыстырады. «Ақынның жұмысы іс жүзінде болған жағдайды емес, енді болуы мүмкін нәрсені бейнелеу екені бұрыннан белгілі. Өйткені болуы мүмкін нәрсе қажет болғандықтан немесе болғаны дұрыс деп табылғанда ғана туындайды. Осы себептен поэзия тарихқа қарағанда әлдеқайда маңыздырақ, әлдеқайда тереңірек, философияға жақын. Өйткені тарих бізге тек жеке нәрселерді баяндаса, поэзия ғалам туралы сыр шертеді, – деп жазады Аристотель. Аристотельдің бұл жерде поэзия мен драма туралы айтқанын, жазбаша шығармашылықтың басқа да түрлеріне қатысты келтіруге болады. Тек көркем туындыда біз кейіпкерлердің қалыптасуын және олардың белгілі салдарға алып келетін іс-әрекеттерін көре аламыз. Егер біз өнімді ғылымдардан тәжірибелік ғылымдарға ауыссақ, онда Аристотельдің басты үлесі өнегелі философия мен саяси теория туралы еңбектерінде екенін анықтаймыз. Аристотель этика бойынша үш трактат жазды: он томдық Никомах этикасы, жеті кітаптан тұратын Евдем этикасы және екі кітаптан тұратын Үлкен Этика. Ортағасырлық кезеңде және классикалық ғылымның қайта өрлеуінен бастап Аристотельдің Никомах Этикасы оның барлық сақталған туындыларының ішіндегі ең әйгілісі болып саналады. Үш трактаттың мазмұндары бір-біріне ұқсас. Аристотель этикасы Платонның «Мемлекеті» қарастыратын сұрақтарға үңіледі. Аристотельдің моральдық философиясы – бұл «Идеялар» алынып тастаған Платонның мораль философиясы деуге болады. Аристотель игілік туралы ой этика түсінігінде жоғарғы игілік бола алмайды. Өйткені этика – адамның шамасы неге жететінін қарастыратын тәжірибелік ғылым. Ал Игілік туралы мәңгі және өзгермейтін идея тек қана теориялық ғылымның нысаны болмақ. Игілік идеясының орнына Аристотель жоғары игілікке ұқсас этикаға жақын бақытты (eudaimonia) ұсынады. Ол да, Платон сияқты, бақытты өмір мен ізгілікті өмір арасындағы тығыз байланысты көреді. Олардың әрқайсысы игілікті өздерінше талдайды және оның түрлерін таратып, жіктейді. Бір топқа – моральдық игіліктер, мәселен, батылдық, салқынқандылық, жомарттық жатады, бұлар Платонның пікірсайыстарында да үнемі кездеседі. Екінші топта – зияткерлік игіліктер бар. Бұл жерде Аристотель Платонға қарағанда этикалық тәлімнің ережелерінен туындаған даналықтың зияткерлік игілігін ғылыми талпыныс пен зерделеуден пайда болатын түсініктің зияткерлік игілігінен нақты бөліп алып қарастырады. Аристотель Никомах этикасында шын бақыт жалғыз философиялық зерделеу нәтижесінде түзіледі деп есептесе, Евдем этикасында бақыт игіліктердің бәрінен, яғни зияткерлік және моральдық игіліктердің өзара үйлесімінен тұрады дейді. Екі кітап арасындағы негізгі айырмашылық осында.

«Евдем этикасында» Аристотель «Құдайға қызмет ету және зерделеу» дегеніміз моральдық игіліктердің лайықты қалыптасу ережесінің стандарты ал «Никомах этикасында» бұл зерделеу кемел адамның әрекеті ретінде түсіндіріледі. Аристотель біздің бәріміз ажал құшатынымызды білсек те, мүмкіндігімізше өзімізді ажалсыз етуге тырысуымыз керек дейді. Егер біз Аристотельдің «Этика» еңбегінен оның жалғасы – «Саясат» еңбегіне ауыссақ, көктен жерге түсеміз. «Адамдар – саяси жаратылыс», – дейді бізге ежелгі ойшыл, – олар дене мен қаннан тұрады, қалалар мен елді мекендерде бір-бірімен иық тіресіп өмір сүреді.

Зоологиядағы еңбектері сияқты, Аристотельдің саяси ілімі де бақылау мен теорияны ұштастырады. Лазерттік Диоген оның 158 мемлекеттің Конституциясын жинағанын айтады. Әрине, оған Ликийдегі зерттеуші шәкірттерінің көмектескеніне күмән жоқ. «Саясатқа» кіріспе сияқты оқылатын «Никомах этикасының» қосымшасында Аристотель саясат теориясы туралы алдыңғы еңбектерді зерттеп, жинақталған Конституция негізінде жақсы билік пен жаман билік неден болады, конституцияны сақтау үшін қандай факторлар жағымды, қандайы жағымсыз деген мәселелерді зерттеп, қуатты мемлекетте қандай Конституция қабылдануы қажет деген сияқты мәселелерді анықтайтынын айтады.



Аристотельдің «Саясат» еңбегінің құрылымы оның «Никомах этикасына» ұқсас. Кітаптың 1–3 бөлігі мемлекеттің жалпы теориясынан және ертеректегі ойшылдарға сын айтудан тұрады. 4-бөлігі – Конституцияның көптеген формаларын санамалайды. Олардың үшеуі рұқсат етілген (монархия, аристократия, саясат), ал үшеуі төзімсіз (тирания, олигархия және демократия). 7 және 8-кітаптар Конституцияның мінсіз формасына арналған.

Заң мен әділеттілік болмаса, адам ең жабайы жануардың өзі болар еді. Мемлекетте өмір сүре алмаған адам – хайуан; мемлекетті қажетсінбейтін адам – Құдай ғана болуы керек. Мемлекеттің орнауы – ең ұлы игіліктің бірі. Өйткені тек мемлекет ішінде ғана адам баласы өзінің күш-қуатын игілігіне жұмсай алады.

Аристотель сілтеме жасаған және сынға алған ертедегі ойшылдардың ішіндегі ең көрнектісі – Платон. Саясаттың екінші кітабының көп бөлігі «Мемлекет» пен «Заңдарды» сынауға арналған. Этикада игілік идеясы туралы айтылмаған сияқты, «Саясатта» да философ патшалар жоқ. Аристотель Платонның коммунизмі машақаттан басқа ештеңеге әкелмейді деп ойлайды. Мүлікті бәрі бірдей ортақ пайдалана алады. Бірақ меншік жеке болуы тиіс. Мүлік иесі өзінің дүние-мүлкімен мақтана алады және оны басқалармен бөліскеніне немесе басқаларға бергеніне ризашылық танытады. Аристотель «Заңдарда» дәстүрлі отбасын қорғап, әйелдердің ортақ болу ұсынысына қарсы шығады. Ол тіпті әйелдердің ресми және әскери рөліне наразылық білдіреді. Платонның ұсыныстарын тиімсіз деп сипаттаудан жалықпайды. Оның қателігінің түп-тамыры – ол мемлекетті тым бірыңғай, бірқалыпты жасағысы келгенінде деп есептейді. Мемлекеттегі өмір санқилы болуы қажет және қаладағы өмір казармадағы өмірге ұқсамауы тиіс. Алайда Аристотель өзінің саяси құрылымдарын таныстырғанда, Платонның көп болжамын пайдаланды. Екі ойшылдың арасында үнемі өзгешелік сақталып қала берді. Атап айтқанда, Аристотель өзінің теориялық ой-пікірлерін көрсету үшін нақты мысалдарға жүгінеді. Бірақ тұжырымдамалық құрылымдары көбіне ұқсас келеді.

Аристотельдің ойынша билеудің әрбір формасында бұрмалаушылық кездеседі. Монархияның бұрмалануы – тирания; аристократияда – олигархия; полицияда бұл демократия. Тиранияда билік тек қана монархтың пайдасына шешіледі, олигархия тек байлардың мүдделерін қорғаса, демократия тек кедей топтардың мүддесін есепке алады. Аристотель осы түрлі құрылымдардың конституцияларын түпкілікті бағалауды тереңдете түседі. Ол мұны өзінің мемлекеттің мәні туралы көзқарасының негізінде жасайды. Мемлекет дегеніміз – жақсылық пен жамандық, әділеттілік пен әділетсіздік секілді ұғымдарды жалпы қабылдауда ортақ көзқарастағы адамдардың бірлестігі. Мемлекеттің мақсаты – барлық азаматтарын бақытты және жақсы өмірмен қамтамасыз ету. Егер бірлестікте біртуар тұлға не отбасы болса, онда монархия Конституцияның ең жақсы құрылымы болып саналады. Алайда мұндай жағдай өте сирек кездеседі және сәтсіздікке ұшырау қаупі жоғары. Ондай жағдайда монархия тиранияға дейін төмендейді. Ал тирания барлық құрылымдардың ішіндегі ең нашары. Аристократия – теориялық тұрғыда монархиядан кейінгі келесі жақсы Конституция, бірақ іс жүзінде Аристотель полиция деп атаған конституциялық демократияны дұрыс көрді. Бұл мемлекетте байлар мен кедейлер бір-бірінің құқығын сыйлайды және ондағы ең мықты маман-азаматтар барлық азаматтардың келісімі бойынша басқарады. Полицияның азғындауын Аристотель демократия, нақтылай түссек, анархиялық мафияның билігі деп атайды. Демократия – Аристотельдің пікірінше, басқарудың ауытқыған формасының нашарының ішіндегі ең нашары.

Қазіргі таңда біз биліктің үш тармаққа бөлінетінін білеміз. Олар заң шығарушы, атқарушы және сот билігі. Осы жүйенің негізін Аристотель салған. Барлық Конституциялар – кеңестік, ресми немесе қызметтік және соттық деген үш элементтен тұрады дейді Аристотель. Кеңестік элемент құзыретінде соғыс пен бейбітшілік мәселелерін қарастыру, альянстарды құру және құрмау сияқты кеңестер бар. Ол заңдарды қабылдайды, лауазымды тұлғалардың шоттарын тексереді және сот үкімдерінің орындалуын бақылайды. Ресми элемент министрлерді және мемлекеттік қызметкерлерді тағайындаумен, дінбасылардан бастап елшілерге және әйелдер істері жөніндегі бақылаушыларға дейін қызметтерін бөлумен айналысады. Сот элементі азаматтық және қылмыстық құқық соттарынан тұрады.

Құлдықты ақтау және өсімқорлықты сынау – Аристотельдің саяси ілімінің осы екі ұстанымы ғасырлар бойы саяси институттарды таңғалдырды. Кей адамдар, – дейді Аристотель – қожайындардың құлдарды билеуі табиғатқа қарсы, сондықтан әділетсіз деп ойлайды. Бұл



дұрыс емес пікір. Өйткені құлдық – ақиқаттың бір көрінісі, кей адамға туғанынан бағындыру жазылса, кейбіреуіне бағыну жазылған.

Аристотель іс жүзінде құлдық көп жағдайда әділетсіз деген сөзбен келіседі. Соғыстан түскен олжаны жеңімпаздар иеленетін дәстүр бар. Ол жеңілгендерді құлға айналдыруға құқық береді. Бірақ соғыстың көпшілігі әділетсіз және осындай соғыстардағы жеңімпаздардың жеңілгендерді құл қылуға құқы жоқ. Алайда кей адамдардың санасы өте төмен келеді. Сондықтан оларды өз бетімен қоя бергенше, бір дұрыс адамның қарамағына берген жақсы. Құлдар – Аристотель үшін, жанды құралдар, осы негізге сүйене отырып, егер жансыз құралдар да сол мақсаттарға жете алса, онда құлдықтың да қажеттігі болмас па еді ма деген ойға беріледі. Бәлкім, автоматтандыру ғасырында Аристотель құлдықты сонша жақтамас па еді?

Аристотельдің өзі аристократ болмаса да, саудаға аристократ сияқты менсінбей қараған. Біз мүлкімізді екі түрлі жолмен, яғни дұрыс және теріс жолдармен пайдалана аламыз. Баюдың ең жеккөрінішті амалы – өсімқорлық. Ол ақшаның өзінен пайда түсіреді. Бұл мақсат – ақшаға тән емес. Ақша пайданы өсіру үшін емес, айырбастау үшін арналған. Сол себептен баюдың түрлі тәсілдерінің ішінде осы түрі ең жалғаны саналады. Аристотельдің иерархиялық сатысында шаруалар – жоғарыда, банкирлер – төменде, саудагерлер – олардың ортасында орналасқан. Оның өсімқорлыққа деген көзқарасы күллі ортағасырлық христиан әлемінде мардымсыз процентпен пайда табуды тыюға себепкер болды.

Аристотельдің «Саясатының» тағаларлық бір ерекшелігі, онда Ескендір немесе Македония туралы еш нәрсе айтылмаған. Аристотельдің «бірлестікте біртуар профессионалды тұлға немесе отбасы болса, онда монархия – басқарудың ең жақсы Конституциясы деген сөзінде Македонияның патшалық отбасына қатысы жоқ болатын. Шынында, Ликейде өткен жылдар аралығында әлемді жаулап алушы мен оның бұрынғы ұстазының арасындағы қарым-қатынас суып үлгерген тәрізді. Ескендір бара-бара ұлылық дертіне шалдыға бастады. Сөйтіп, ақырында ол өзін құдай сияқты құдіреттімін деп жариялады. Аристотельдің жиені Каллисфен гректер патшаның өзің құрметтеп, оның аяғына жығылу керек деген 327 жылы шыққан жарлыққа қарсы оппозицияны басқарды. Оған қастандық жасады деген айып тағылып, дарға асылды. «Никомах этикасының» ертеректегі кітаптарында бар кең пейілді, керемет кейіпкердің бейнесінен Ескендірдің ұлы келбетінің нышандары байқалады. Қайткен күнде де сипатталған кеңпейілдік пен керемет игіліктер «Евдем этикасында» төмендетіліп, мейірімділік пен адамгершілік басты орынға шықты.

Аристотельдің сақталған шығармаларының басым бөлігі тәжірибелік немесе өнімдік ғылымдардан гөрі теориялық ғылымдармен тығыз байланысты. Біз оның биология саласындағы жұмыстарын қарастырдық. Енді физика және химияға қатысты еңбектері немесе Аристотельдің космологиялық ілімі туралы айтатын уақыт жетті. Оның бұл пәндерге қосқан үлесі өмір туралы ғылым саласындағы зерттеулерге қарағанда тағаларлықтай болды. «Аспан туралы» және «Жаралу мен жойылу туралы» еңбектерінде Аристотель өз ізбасарларына Сократқа дейінгілерден мұра болып қалған жазбалардағы әлем сипатын мирас етіп қалдырды. Ол Эмпедоклдың төрт элементін – жер, су, ауа және отты алды. Әр элементтің ғарыш тәртібінде өзінің тиесілі орны бар және әр элемент тумысынан өзінің тиесілі орнын бетке алып жылжуға бейім.

Физикалық трактаттарында Аристотель көптеген табиғи құбылыстарды элементтер тұрғысынан, олардың басты қасиеттері және табиғи қозғалыстары арқылы түсіндіреді. Бұл түсініктемелерді құру барысында пайдаланылған философиялық ұғымдар себептіліктің әртүрлі түсініктерінің жиынтығынан тұрады. Сонымен қатар, бұл концепциялар кездейсоқ өзгерістегідей заттың бір сапасынан екіншісіне ауысу болсын, материядан формаға қарай мәнді өзгеріс болсын, мүмкіндіктен нақтылыққа өтетін өзгерістердің концепциясына ие. Аристотель керемет көп қырлы контексттерде пайдаланған түсініктерді Энтони Кенни өз кітабының келесі бөлімдерінде тыңғылықты қарастырады.

Аристотельдің ең үздік деген ғылыми жұмысының өзіне қазір жұрт тек тарихи қызығушылықпен ғана қарайды. Оның «Физикасы» секілді трактатының көпжылдық құндылығы – түрлі дәуірлердің физикасы қарастырып келе жатқан кеңістік, уақыт, себептілік және де-терминизм сияқты негізгі ұғымдарға философиялық талдау жасауында.



Осылайша, біз Аристотельдің риторикасы мен поэтикасын, оның этикалық және саяси көзқарастарын, сонымен қатар, космологиясын талқыға салдық. Келесі дәрісте біз Аристотель мен Платонның, сонымен қатар, Рим философиясының әдеби мұраларына тоқталамыз.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Шешен сөйлеу өнері ретіндегі риториканың негіздемесі қандай?
2. Аристотельдік поэтиканы түсіну үшін нені білу шарт?
3. Платон мен Аристотельдің поэтикаға деген көзқарастарының ерекшеліктері неде?
4. Қалай ойлайсыздар, Аристотель катарсис сөзін қалай түсінді?
5. Аристотель бойынша ең жоғарғы игілік?
6. Аристотель бойынша саяси құрылымның ең үздік формасы?
7. Аристотель саяси ілімінің қандай элементтері ғасырлар бойы таңғалдырып келеді?
8. Не себепті Аристотельдің космологиялық трактаты тек тарихи қызығушылыққа ғана ие?

Әдебиет

1. Anthony Kenny, Ancient Philosophy: A New History of Western Philosophy, Volume 1. – Oxford University Press. – 2014. – 368 p.
2. Кенни Э., Батыс философиясының жаңа тарихы, 1 том, Антика философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 408 б.
3. Әлемдік философиялық мұра: жиырма томдық. 2-том: Антикалық философия / құраст.: Қ.Ә. Әбішев, Т.Ы. Әбжанов. – Алматы: Жазушы, 2005. – 567 б.
4. Хесс Р., Философияның таңдаулы 25 кітабы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 360 б.
5. Adler M., Aristotle for everybody. Difficult Thought Made Easy. Published June 1st 1997 by Touchstone (first published 1978).
6. Диоген Лаэртский, О жизни, учениях и изречениях знаменитых философов. / Ауд. М. Л. Гаспарова. Жалпы ред. А. Ф. Лосева. («Философское наследие» топтамасы). – М., Мысль, 1979. – 624 с.
7. Чанышев А.Н., Курс лекций по древней философии. – М., 1981.